

ТУУ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облыс қой өсірушілері! Кәзір—қой шаруашылығын өркендетіп, оның жүн өнімін арттырудың жауапты кезеңі. Бұл кезде қой шаруашылығын тез өркендетейік және елімізге сапалы жүн берудің үкметіміз бен партиямыз белгілеп берген программасын ойдағыдай жүзеге асыратын болайық!

удің



дау жолындағы
астыра алмады,
жұмысшыларын
және қой шаруашылығындағы алған
ді орындау жөндеу
нде шалағайлық
ры қой шаруашылығындағы 1952
тік жоспардың
н совхоздарда
туғызып отыр.
штеген колхоз
оспарды сөзсіз
және қой мен
ушырауына
не жазғы қой
ойдағыдай өткі
шар ұйымдасты
де бұл жұмысқа
айыпты адам
ылмай, оларға
және ауылшаруашынан ымыра-



кемшіліктер-
ындауды артты
ғын өркендету
руашылық бас
аудандық пар-

Приешім МТС-нің токарі комсомолец В. Козлов бөлшектерді жоғары сапалы өңдеумен бірге, күндік тапсырмаларды үнемі асыра орындап отырады.
СУРЕТТЕ: В. Козлов жолдастың ре-

Совхоздағы құрылыс жұмыстары

Өткен жылы Чистов совхозының коллективі құрылыс жұмыстарын жүргізуде көрнекті табыстарға ие болды. Совхоз жаңадан мал баздарын салу, жұмысшылардың пәтер үйлерін жөндеу жоспарын ойдағыдай орындады.

Совхоз мамандары быыл жүргізілетін құрылыс жұмыстарын өздерінің өндірістік мәжлісінде талқылап, оның арнаулы жоспарын белгіледі. Бұл жоспарға сәйкес совхозда үстіміздегі жылы 14 түрлі құрылыс жұмысы жүргізілмек. Совхозда құрылыс жұмыстарына қаржы өткен жылғыдан быыл біржарым есе көп бөлінді.

Совхоздың құрылысшылары алғашқы күннен бастап, құрылыс жұмыстарын белгіленген жоспар бойынша жүргізді. Жұмысшылар құрылыс материалдарымен, құралдармен қамтамасыз етілді. Осының арқасында совхозда құрылыс жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Таяуда совхоздың № 1 бөлімшесінде коммуналдық монша пайдалануға берілді.

Емпихан ойдағыдай өшпі



Ленин ауданындағы Петровка жетіжылдық мектебінің жас натуралистері жыл сайын дәнді және овощ дақылдарын өсіреді.

СУРЕТТЕ: жас натуралистер гречиханы көп мөлшермен көрсетушілер. Алдың-

Егін орағына әзірлік

37 комбайн

Полудень МТС-і (директоры Кравцун жолдас) комбайн жөндеуді ойдағыдай ұйымдастырып келеді. Комбайн жөндеуде 7 жөндеу торабы жұмыс істейді.

Антон Франк басқарған комбайн моторын жөндейтін тораптың механизаторлары социалистік жарыста алға келеді. Бұл тораптың жөндеушілері күндік нормаларын ұдайы асыра орындап жүр. Тораптың әрбір жөндеушісі жұмысты тез істеумен бірге, оның сапасын да барғай сайын жақсартып түседі.

Комбайн жөндеуде жөндеу бригадалары арасындағы социалистік жарыс барған сайын кеңінен өріс алууда. А. Подгузов жолдас басқарған № 2 бригада жарыста үздік шықты. Бұл бригада кәзірдің өзінде 14 комбайн жөндеп болды. Бригданың П. Штундар, Франк және Нейзері сияқты комбайншылары комбайн жөндеуде күндік тапсырманы ұдайы асыра орындап жүргендер. Сейбульд жолдас басқарған жөндеу бригадасы да комбайн жөндеудің бескүндік графигін дәлме-дәл орындап жүрген бригадалардың бірі.

Токарьлар мен слесарьлар да өнімді еңбектің үлгісін көрсетушілер. Мәселен, Ф. Евтушенко және П. Пивко жолдастар сияқты токарьлар бір күнде біржарым екі норма орындап жүр.

Еңбек ұйымдастыру ісінің жолға қойылуы нәтижесінде МТС-те жөндеуге

ды арттыру мәселесіне мүлдем жауапсыз қараушылыққа жол беріп келеді. Аталған аудандарда қой шығынына жол берілгендігін еске алсақ, оларда қой шаруашылығын өркендету күресі болып қалса, ұйымдастырылмай отыр деп батыл айта аламыз.

Қой шаруашылығын өркендетудегі жәні жүн дайындауды арттыру шараларын жүзеге асырудағы мұндай кемшіліктердің орын алу себебі неде?

Ең алдымен, облыстық ауылшаруашылық басқармасы, совхоздар тресі, аудандық атқару комитеттері мен партия комитеттері, колхоз басқармалары мен совхоз дирекциялары, бастауыш партия ұйымдары қой шаруашылығын өркенде-

ды күшейту күресіне барлық колхозшыларды, барлық мал өсірушілерді түгел жұмылдыру — колхоз және совхоз партия ұйымдарының өздеріне тән ісі. Өңгіме, қой өсіруші қызметкерлер арасында жүн дайындауды арттыру және қой шаруашылығын өркендету жөнінде қандай міндеттер тұрғандығының кеңінен насихатталуы жөнінде болып отыр.

Облыс қой өсірушілері! Кәзір — қой шаруашылығын өркендетіп, оның жүн өнімін арттырудың жауапты кезеңі. Бұл кезде қой шаруашылығын тез өркендетейік және елімізге сапалы жүн берудің үлестіміз бен партиямыз белгілеп берген программасын ойдағыдай жүзеге асыратын болайық!

Тіл білімі мәселелеріне арналған ғылыми сессиялар мен конференциялар

ТБИЛИСИ, 19 июнь. (СОПА). Қаланың жұртшылығы И. В. Сталин жолдастың «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген данышпандық еңбегінің басылып шығуының екі жылдығын кеңінен құрметтеп өткізуде. Партия кабинеттері мен кітапханаларда көпшілікке арналған лекциялар оқылуда, сталиндік ілім тұрғысынан тіл білімін өркендетуге арналған көрмелер ашылды.

Тбилиси университеті марксизм-ленинизм, диалектикалық материализм және саяси экономия кафедраларының біріккен мәжілісі өткізілді. Онда: «И. В. Сталиннің «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген еңбегінде ғылыми коммунизм теориясының мәселелері», «И. В. Сталиннің марксизм және тіл білімі мәселелері» деген еңбегінде материалистік диалектика мәселелерінің дамытылуы туралы баяндамалар тыңдалды.

Университет аспиранттарының ғылыми конференциясы да сталиндік еңбектің ба-

сылып шығуының екі жылдығына тұстас келтірілді.

КИШИНЕВ, 19 июнь. (СОПА). И. В. Сталин жолдастың «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген данышпандық еңбегінің басылып шыққанына 2 жыл толуы Молдавияда кеңінен құрметтеп өткізілуде. Молдавия К(б)П Орталық Комитеті жанындағы партия мектебінде И. В. Сталин жолдастың «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген еңбегіне арналған ғылыми конференция өткізілді. ССРО Ғылым академиясының молдаван филиалының тарих, тіл және әдебиет институты Кишинев университетінің тарих-филология факультетімен бірге тіл білімі мәселелеріне арналған ғылыми сессия өткізуге әзірлік жасауда.

Крупная атындағы көпшілік кітапханасында арнаулы стенд жабдықталды. Оған И. В. Сталин жолдастың орыс-молдаван тілдерінде басылған тіл білімі жөніндегі еңбектері, сол сыяқты, бұл еңбектерге арналған әдебиет қойылды.

кәзір бұл двигательдерді орнатып жатыр. Олар ауылшаруашылық артелинде де ұйымдастырылды.

Жаңа кезеңіміздің сом қ

Қарақұмдағы ұлы құрылыста

Зерттеушілердің зор армиясы — топографтар, геологтар, гидрологтар, жер қыртысын зерттеушілер, ғылыми қызметкерлер Қарақұмда екі жылдан артық уақыт бойына жанқиярлықпен еңбек етуде.

Түркмен Бас каналының сан мың құрылысшылар коллективі канал бойының аса маңызды бағыттарындағы жұмыстарды кең өрістетіп жүргізуде. Еліміз мұнда бізге әртүрлі механизмдердің, транспорт құралдарының мол паркі жасауға, жергілікті құрылыс материалдары өндірісінің базасын ұйымдастыруға көмектесті. Мұндай құрылыс материалдарын өндіру күннен-күнге ұлғайтылуда.

1952 жылы Түркмен Бас каналының құрылысшылары үлкен сындардан өтуге тиіс: таяудағы уақытта құрылыс жұмыстарының көлемі едәуір ұлғайтылып, шөл далаға зор шабуыл басталады.

Біздің даңқты зерттеушілеріміз бен жобалаушыларымыз өздерінің алғашқы кезеңдегі жұмыстарын аяқтап келеді. Канал бойы мен су тораптарының орындары таяудағы уақытта біржолата белгіленеді, онан кейін қаралып бекітіледі. Құрылысшылар бұған қызу әзірленуде, өйткені мұнан соң Тахиа-Таш, Қазанжық аудандарында, белгіленген карьерлерде, құрылыс материалдары шығарылатын жерлерде ғана емес, канал бойының басқа аудандарында да құрылыс жұмыстарын онан сайын кең өрістетіп жүргізуге мүмкіндік туады.

Июнь-июль айларында біз негізгі жұмыстарға: су тораптары жасалатын қазаншұңқырларды, сол сыяқты, каналды қазуға кірісеміз. Канал бойы бекітілер алдында Сормово заводының энергетиктері, 7 текшеметрлік үлкен экскаватор-

лары, топырақ сорғыштары іске кіріседі. Осыларды қолданып құрылысшылар пионер каналының су алғышын, онан соң пионер каналының өзін жасай бастайды. (Канал бірден кеңінен қазылмайды, алдың ала көлденеңі тар пионер каналы дейтін канал қазылады, мұнан кейін ол кеңейтіліп, тереңдетіледі).

Сталинград заводында жасалған топырақ сорғыш үлкен машиналар кәзірдің өзінде жеткізіліп, құрастырыла бастады. Үлкен скреперлер, бульдозерлер әкелінді, жақын арада олар іске қосылады. Минскінің, Мытицидің және Москваның автомобиль заводтары құрылысқа керекті өндірінен жүк түсіргіш үлкен машиналарды мерзімінен бұрын жөнелтуде.

Машиналардың жүргізушілері Отанымыздың автомобиль өнеркәсібін орынды мақтан етеді. Отан соғысы жылдарында майдандарда болған және түрлі машиналарды көзімен көрген көп шоферлеріміз совет машиналарының шетелдердегі ең жақсы деген машиналардан асып түсетінін дәлелдейді. Шоферлер бұл машиналарды жақсы күтіп, сақтауды өздері үшін абрыйлы іс деп танып, бұл машиналармен құрылыс аяқталғанға дейін жұмыс істеуге міндеттемелер алуда.

Бізге Еділ — Доннан келген адамдар есебінен экскаваторшылар, бульдозершілер, механиктер коллективтері өсуде. Мұның ішінде көп адамдар өздерінің үздік өндірісшілер екенін кәзірдің өзінде көрсетті. Бульдозершілер және скрепершілер Васильев, Ильин жолдастардың есімдері Түркмен Бас каналы құрылысының Құрмет кітабына жазылады. Бұл жолдастар коммунизм ұлы құрылыстарының тұңғышында алған өздерінің мол тәжірибесін басқаларға үйретуде.

Екі-екі москвалық вич Андреев, Ильяшенко, слесарь Тамаша еңбекші Түркмен құрылысшы күндерінде Бұлардың қаруындағы семьясындағы бар.

Жақын арадағы Түркмен көмектесетін көшпелі сес Озбек, Түркмен калары академик Пыра ғылымдың, сол шаруашылығыне басқа митысты. Бриг сессиясы екі на жұмыс іс нал бойына ннің бойын а аудандарды лысшылар м сына өте жа демиясының мен үнемі т ды. Ғылым жеңген соци рын болып көтерген елд ынтымақ жа

Түркмен жақын арада құрылыс мәс бірге Қарақұ сын меңгеру Түркмен Е лары быйыл Апрельде

емдік орнатуға н тарихи сабак

ырысындағы не-тин Совет Одағы баскарган ұлы лагері
ды. Егер, деп құрылды.

Сталинград тү-
ист армиясына
аршысы болса,
ны апатқа ұшы-
л, келесі жылы,
сы неміс-фашист
қы берді, осы
шылық дана бас-
ылардан өлімші
имейтін» неміс-
й талқандалды.
н тарихи жеңіс
етіміздің қуат-
болды. Соғыс со-
емлекеттік кү-
қоғамдық кү-
артықшылығын,
үштілігін көрсет-
ысы бейбітшілік
икасы мен мә-
гуді ұйымдасты-
ы ғана емес,
ғамның барлық
еру үшін жү-
ны формасы еке-
—шаруашылық-
асынан шаруа-
системасының
ының тамаша
лды. Ұлы Отан
іс Совет Қарулы
і болып табыла-
дистерінің жеңі-
берік және се-
Армиясы Ұлы
ірінші дәрежелі
үлікпен үздіксіз
л. Ұлы көсеміміз
руымен тұл өзі-
еніс мүддесіне
Елімізді индуст-
шаруашылығын

«Германияға қарсы соғыста ұту, —
деді Сталин жолдас, —ұлы тарихи істің
жүзеге асырылуы болады. Бірақ, соғыс-
тағы ұтқандық халықтардың баянды бей-
бітшілікке қолы жетуін, келешекте хауіп-
сіз болуына сенуін әлі де қамтамасыз
еткендік болып табылмайды. Міндет —
тек соғысты ұту ғана емес, сонымен қа-
тар, соғыстың ешуақытта болмауына,
олай болмаған күнде, ұзақ дәуір бойына
жаңа шапқыншылықтың және жаңа со-
ғыстың тууына мүмкіншілік бермеуде».

Міне, совет мемлекетінің сыртқы сая-
саты көсемнің осы нұсқауларын мүлтік-
сіз орындауды, жаңа соғыстың тууына
мүмкіншілік бермеуді, жаңа соғыс хауіп-
не қарсы батыл күрес жүргізуді көздеу-
де. Бірақ, Англияның, Американың би-
леп-төстеушілері дүние жүзін гитлершіл-
дердің қара өртінен аман алып қалған
совет халқының батырлық істерін тез
ұмытуға айналды.

1945 жылдың январь айында неміс
генералы Рундштент батыстағы ағылшын
армиясының шебін бұзып, қырғынға
ұшырату хауіп төнгенде, Черчилль
Сталин жолдасқа хат жазып, жалына ке-
лек сұрады. Генералиссимус Сталин Бал-
тың теңізінен Барият тауларына дейін
созылған кең байтақ майданда фашист
армиясына қарсы күшті шабуыл ұйым-
дастырып, батыста қырғынға ұшырайын
деп тұрған ағылшын армиясын апаттан
аман алып қалды. Черчилль мырза Совет
Армиясының ерлігіне разы болып, ағыл-
шындарды сақтап қалғаны үшін Совет
Одағына алғысын айтып, телеграмма
жолдады. Осыдан кейін тоғыз ай ғана
уақыт өткен соң Черчилль мырза соғыс
өртін тұтату әрекетіне қайтадан кірісті.
Ол 1946 жылғы 5 мартта Фултонда сөз-
сөйлеп, Америка мен Англия бірігіп, Со-

Фельетон

ЖАЛҒАН МАХАББАТ

«Ел құлағы елу» дегендей, соңғы кезде
Борис Петрович Радионовтың есімі де,
кылығы да елге мәлім болып жүр. Борис
Радиновтың жалған махаббат жолында-
ғы жат қылықтары ел арасында аңызға
да айналып кетті. Оның есімі қаншама
жаңғырып шыққан сайын солғұрлым
жұртқа жиіркенішті көріне де бастады.

Булаевтықтар оны:

—Адамгершілік ар-қасиеттен жұрдай
болған Борис Петрович,— дейтін көріне-
ді. Булаевтың қыз-келіншектері оған
«бойы былғаң, сөзі жылман» жігіт деп
сенімсіздік тудыра қарайтын болды.

—Неге былай?

—Я, неге былай, —дейсіздер ғой, оқу-
шы жолдастар.

Бұл сұраққа Булаевтың үлкені де, кі-
шісі де жауап береді. Тек Борис Петро-
вичтің өзі ғана жауап бере алмас. Жат
қылықтары мен жалған махаббаты жә-
нінде айтсаңыз оның тілі күрмеліп, өңі
бозарып, жан-жағына жалтақ-жалтақ
қарай береді. Жаңа-ғана көрінген қызыл
шырайлы жүзінің сүрені қашып, сұрлана
қалады.

Булаевтықтар аңыз етіп жүрген, ал, бе-
тіне басса Борис Радионовтың өзі амал-
сыздан арланғандай болатын оның жат
кылығы мен жалған махабаты қандай?
Соны баяндайық.

Күндердің бір күні Борис Петрович
Гаямен кездесті. Оған өзінің көкей тегі
мұңын айтты. Сызылып сырласты, ертелі-
кеш қыздың жолын та досты. Есіл-дергі
Гая болды, жылы-жылы сөздер айтты.
Жас қыздың кіршіксіз таза жүрегіне
тырнақты қолдарын созды. Иіліп, бүгілді.
Өлердегі сөздерін айтты. Гаяны олай ал-
дады, былай алдады, ақыры ол ойға ал-
ғанын тындырды.

Бірақ, бұл көпке бармады. Күн арты-
нан күн өте Бористің Гаяға көзқарасы
да өзгерді. Борис Петрович Гаяға сал-
қын қарап, көзін адырайтып, денесіне таяқ-
тып отырып, сөзін сөйлеп, кейін-кейін минут

сыйлар едім, сүйер де едім. Боря махаб-
батқа баянсыз деп жұрт айтатын шығар.
Мен баянсыз емеспін, бірақ, теңімді таба
алмай, қор болып жүрмін. Алдың ала не
дейін, қосылып бірге өмір сүріп көрейік,
сонан соң кімнің баянды, кімнің баянсыз
екенін көрерсің, —дегенді айтты.

Ақыры Мария Павловна көнді, екеуі
қосылды.

Қосылғаннан кейін Борис Марияның
қасы мен қабағына қарап, дегенін екі
айтқызады. Жатып жастық, иіліп төсек
болды. Бірақ, көп ұзамай Боряның үні
басқаша шыға бастады. Дөрекі сөздер бі-
рінен соң бірі шығып, үдей берді. Қыйт
етсе қызға темір көсеу, ағаш таяқ ала
жүгіретін болды.

Қателескеніне қатты өкініп Мария да
жылай-жылай кете барды.

Борис Петрович үшінші рет үйленді.
Бұл әйелінің аты да Мария еді. Екінші
Мариямен де тату-тәтті тұра алмады.
Ұрыс-керіс көбейді, ақыры бұл Мария
ауруға ұшырап, қайтыс болды.

—Тоқта, Борис, сен махаббатты ойын-
шық көретін жігітсің,— деп Вера көпке
дейін одан бойын аулақ салып жүрді.

—Міне, махаббат атымен ант етемін
Вера жаным, сен маған. Өзімнің еткендегі
ағаттық ісіме сенен кешірім сұраймын
деген Бористің жалған сөзіне Вера да бө-
гелді. Түзелер, енді ондай іске бармас
деп сенген Вера Борисқа тұрмысқа шық-
ты. Бұл «сүйіспеншілік»те баянды болмай
шықты. Ақырында Радионов Вера Степа-
новнаны үйінен қуып шықты. Вера да
Гая мен Мария сыяқты жылай-жылай
кете барды.

Күн артынан күн өтті. Борис Радио-
новтың Чистов совхозының № 3 бөлімше-
сінде істейтін жас сауыншы Татьяна Ива-
новнаға көзі түсе кетті. Борис оны да
алдап арбады. Аз уақыттың ішінде оған
үйленіп те үлгерді. Амал не, көп ұзамай
одан да айырылды. Татьяна да жылай-
жылай кете барды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 20 июнь. (СОТА). Корей
Халық-Демократиялық Республикасының
Халық армиясы Бас командованиесінің
бүгінгі берген хабарына қарағанда, кеше
Корей Халық армиясының құрамалары
Қытай халық еріктілері бөлімдерімен ты-
ғыз бірлесе қылмыл жасай отырып, дұш-
панның шабуылын ойдағыдай тойтарған,
оны адам күші мен техника жағынан үл-
кен шығынға ұшыратқан.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлім-
дері және жау самолеттерін аңдып ату-
шылар отрядтары тылдағы елді пункттер-
ге шабуыл жасауға қатысқан дұшпанның
3 самолетін атып түсірген.

Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздер жайында

ПЕКИН, 19 июнь. (СОТА). Синьхуа
агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп
хабарлайды:

Корей және қытай жағының бас байла-
ныс офицері бүгін американдардың 17
июньде өз беттерімен уақытша бітім тура-
лы келіссөздерге 3 күндік үзіліс жария-
лағандығы жөнінде американдарға мәлім-
деме тапсырды.

Бұл мәлімдемеде былай делінген: Сіз-
дің жағыңыздың 17 июньде өз бетімен
3 күндік үзіліс жариялауға және мәжіліс-
тің орта кезінде екі жақтың келісімінсіз
келіссөз жүргізіліп жатқан шатырдан шы-
ғып кетуге ешқандай ақталатын дәлелі
жоқ. Сіздің жағыңыздың өз бетімен еш-
қандай негізсіз істеген бұл қыймылының
уақытша бітім туралы келіссөздерді ұзақ-
қа созуға бағытталғандығы айдан анық.
Келіссөздердің ұзаққа созылғандығы үшін
барлық жауапкершілік сіздің жағыңызға
ауады.

20 майдағы демонстрацияға

Фашист басқыншыларын 1941 жылы ноябрь — декабрь айларында Москва түбінде талқандаудан бастап, сталиндік данышпандық әскери стратегиямен қаруланған совет армиясы өзінің соққы жасау қарқынын үдете түсті.

Совет Армиясы 1942 жылдың аяғында және 1943 жылдың басында Сталинград түбіндегі шайқаста аса зор тарихи жеңіске ие болды. Осы тарихи жеңістен кейін стратегиялық инициатива неміс фашист армиясының қолынан Совет Армиясының қолына біржола көшті. Гитлершілер өздері айырылып қалған стратегиялық инициативаны қайтарып алуға әрекеттеніп бақты. 1943 жылы Курск доғасында шыбуылға шықпақ болған фашист армиясының әрекеттері іске аспады. 1943 жыл

ныңд шаруашының құраандығы болған Польша, Венгрия, Албания, Чехословакия, Румыния және Болгария капиталистік системадан шығып, бұл елдердің еңбекшілері өз мемлекеттерінің тағдырын өз қолдарына алып, жаңа социалистік тұрмыс орнату жолына түсті.

Герман Демократиялық Республикасы өсіп, нығаюда. Ұлы қытай халқы империалистік қанаудың бұғауын талқандап, өз елінің тағдырын өз қолына алды, халық республикасын орнатты, жаңа өмір құру жолына түсті. 475 миллиондық қытай халқының империалистік лагерьден шығып, социализм лагеріне қосылуы дүниежүзілік капиталистік системаға ауыр соққы болды.

Сөйтіп, бейбітшілік пен демократияны жақтайтын, бейбітшілік ісі үшін күресе-

қалай масқараланса, американ империалистері де солардың бөбін киеді.

Совет Одағы бастап отырған бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің күші күн санап өсіп, нығаюда.

Совет Одағының бейбітшілік сүйгіш саясатын бүкіл дүние жүзінің қарапайым адамдары қызу қолдайды. Соғыс хауіпне қарсы адал ниетті миллиондаған адамдар батыл күрес жүргізуде. Данышпан көсеміміз Сталиннің «егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса, бейбітшілік сақталады, нығаяды» деген тамаша сөздері бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін күрескерлерді рухтандырып отыр.

Қ. ШӘКЕНОВ,

ҚК(б)П обкомінің лекторы.

Орталық Қазақстанға археологиялық экспедиция жүріп кетті

Орталық Қазақстанға Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтының комплексті археологиялық экспедициясы жүріп кетті. Экспедицияны республиканың Ғылым академиясының мүше - корреспонденті А. Х. Марғұлан басқарады. Экспедицияның құрамында, ғалымдардан басқа, Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенттері бар.

Орталық Қазақстанға кеткен комплексті археологиялық экспедиция қола заманының, ерте кездегі көшпелі шаруашылықтың ескерткіштерін және таптық қоғамның қалыптасу заманындағы материалдық өндірістің ескерткіштерін зерттейді. Ескерткіштерді қазу және зерттеу жұмыстары екі айға созылады.

(ҚазТАГ).

Жас суретшілердің картиналары

Қазақтың Н. В. Гоголь атындағы республикалық театр-көркем өнер училищесінің бітіретін студенттер диплом жұмыстарын аяқтады. Жас суретшілердің картиналарында совет адамдарының тұрмысы мен еңбегі, бейбітшілік жолындағы күресі жарқын бейнеленген. «Үгітші қырман басында» — Николай Третьяковтың жазған дипломының композициясы міне осындай. Училищені бітіруші Константин Плюхин Қазақстанның машина жасаушы стахановшыларының портреттерін жасаған. Диплом қорғаушы Қасымбек Дәрібаевтың «Амангелді көтеріліске шақырады», Александр Ткачевтің «Жасардың Берлиндегі фестивалі» деген картиналары жұрттың назарын аударады.

Студенттердің диплом жұмыстары қорғалғанынан кейін Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына қойылады.

(ҚазТАГ).

Өзбекстан арпистерінің колхоздағы спекпаклі

МАЛАЯ СТАНИЦА (Алматы облысы), (ҚазТАГ). Ташкенттің М. Горький атындағы драма театрының Қазақстан астанасына жазғы гастрольге келген артистері 9 июльде Алматы ауданының «Луч Востока» колхозында болды. Өзбекстанның артистері колхоздың Мәдениет сарайының сахнасында Сталиндік сыйлықтың лауреаты Дьяконовтың «Жасаулы қалыңдық» пьесасын көрсетті.

Колхозшылар туысқан республиканың артистерін жылы жүзбен қарсы алды. Спектальді халық өте сүйсініп көрді.

Ауылшаруашылық артелі егіншілерінің, малшыларының, бағбандарының сұрауы бойынша артистер колхозда тағыда бірнеше рет болып, өзінің ең жақсы спектакльдерін көрсетуге уәде берді.

50 километрлік мотоциклшілер жарысында «Искра» ерікті спорт қоғамынан Х. Ахмадиев бірінші болып келді.

17 июльде «Пестрое» көлі жанында велосипедшілер мен мотоциклшілер жарысы болды.

Велосипед спорты бойынша командалық бірінші орынға «Спартак», екінші орынға

қолымен бірден облыстық жаңа

Штанг көтеру мының спортшы орынды жеңіп

Волейбол спор бірінші орынға

Алдыңғы қатарлы әйелдер

Жуырда Мамлют ауданының ауыл шаруашылығы мен өндіріс орындарында жұмыс істейтін алдыңғы қатарлы әйелдерінің аудандық кеңесі болып өтті. ҚК(б)П аудандық комитетінің секретары Мельчакова жолдас «1952 жылы алған міндеттемелерді орындауда әйелдердің міндеті» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамашы колхоздарды шаруашылық жағынан нығайту және өндірістік тапсырмаларды орындау ісінде аудандағы әйелдердің табыстары жөнінде айтты.

Баяндама бойынша сөз сөйлегендер өз

колхоздарындағы быстарын ортасынша әсер етіп тердің бетін аш барлығы да егілді ғамдық мал бас нінде өздеріне алды.

Қорытынды сессия комитетінің жолдас әйелдер дегтемені орында суға шақырды.

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1952 жылдың екінші жарт жазылушылар қабы.

Газетке жазылу бағас

3 айға — 15 сом, 6 айға — 30

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почт кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық жазылуға болады.

Жарты жылға тұтас жазылыңыздар! Газет жазылу газеттің мезгілінде алынып тұруын қам

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет та